

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
ФИЛОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ ФАКУЛЬТЕТІ  
ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ КАФЕДРАСЫ



«БЕКІТЕМІН»


Филология және әлем тілдері  
факультетінің деканы

Джолдасбекова Б.У.

« 8 » 01 2021 жыл

ДӘРІСКЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛЫҚ

Алматы, 2021

Дәріске арналған әдістемелік нұсқаулығы қазақ тіл білімі кафедрасының отырысында талқыланып, ұсынылған.  
«5» 01 2021 ж. № 14 хаттама  
Кафедра меңгерушісі м.а.  Ж.Б. Саткенова

Факультеттің әдістемелік кеңесі отырысында қаралды.  
«8» 01 2021 ж. № 6 хаттама

Факультеттің әдістемелік кеңес төрағасы  Л.В. Екшекбеева

## МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

**Мақсаты:** Силлабуста көрсетілген тақырып бойынша дәріс ұйымдастыру;

**Міндеттері:**

- білім беру бағдарламасын игеру үдерісінде алған білімді, біліктілікті, дағдыны бекіту;
- өзін-өзі оқыту және өзін-өзі дамыту, жоғары жетістікті формаларын меңгеру;
- болашақ маманның дербес іскерлік мәдениетін қалыптастыру;
- қазақ тіл біліміне қатысты материалдарды сипаттау және классификациялау әдістерін және филологияның заманауи әдістемесін меңгеру.

Дәрісті игеру арқылы білім алушы:

- дәріс тақырыбына қатысты өзекті мәселелерді;
- зерделенетін тақырыптың деректерін;
- отандық және шетелдік ғылыми ақпараттармен қамтамасыз етіледі.

Дәріскер:

- дәріс тақырыбы негізінде жиналған материалдарды жүйелеу;
- дәріс тақырыбына қатысты өзекті міндеттерді шешу;
- білім алушының ғылыми қызығушылығын ояту;
- заманауи ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету.

Алға қойылған мақсат пен міндеттердің негізінде:

- білім алушының болашақтағы кәсіби дамуын жобалай білуі;
- филологиялық үдерістерді зерттеу барысында инновациялық технологиялар мен әдістерді кеңінен енгізіп және оларды пайдалану;
- білім беру мен зерттеудің міндеттерін шешу барысында пән құзіреттіліктерін игерту.

## ДӘРІС МАЗМҰНЫ

Пән силлабусында көрсетілген тақырыптар негізінде құрастырылады. Дәріс оқуда дұрыс әдісті таңдау және оқу материалын дұрыс құрастыру керек. Оқу үдерісінде дәрісті оқу формаларының басқа түрімен алмастыруға келмейтін жайттар да туындайды:

- жаңа курс бойынша оқулықтар жоқ болып жатқан жағдайда дәріс ақпараттың негізгі дереккөзі болып табылады;
- белгілі бір тақырып бойынша жаңа оқу материалы қолда бар оқулықтарда көрініс таппаған жағдайда;
- оқулықтың жекелеген тақырыптары өз бетімен меңгеруге қиын және дәріс оқушының әдістемелік тұрғыдан қайта даярлауын қажет еткен жағдайда;
- курстың негізгі мәселелері бойынша қарама-қайшы тұжырымдар болған кезде;
- студенттердің өзіндік көзқарастарын қалыптастыруда дәрісті оқытудың басқа формаларымен ауыстыра алмайсың.

Дәрістің эмоционалдық бояуы терең ғылыми мазмұны ойдың, сөздің және тыңдармандар қабылдауының үндестігін арттыра түседі.

### **Дәрістің артықшылықтары:**

- дәріс оқушының аудиториямен шығармашылық қарым-қатынасы;
- дәріс – білім негіздерін алудың ең үнемді жолы;
- егер дәріс жақсы түсінікті және мұқият тыңдалған болса ой қызметін белсендіреді.

Кейінгі жылдары студенттердің лекторды еркін таңдау үрдісі белең алып келеді, бұл дәріс оқу шеберлігін өзектендіре түседі.

### **Дәріске қойылатын талаптар:**

- дәріс пен оқытудың байланыста болуы;
  - дәрістің ғылымилығы мен ақпараттылығы (қазіргі ғылыми деңгейге сәйкестігі);
- ұтымды, сенімді мысалдардың, дәйектердің, негіздемелердің, ғылыми дәлдемелер санының барынша көп болуы,
- баяндаудың эмоционалды формасы;
  - тыңдармандардың ойын белсендіру;
  - ой қызметін жетілдіретін сұрақтар қою;
  - баяндалатын мәселелерді шешудің нақты құрылымы мен логикасы.

Әдістемелік өңдеу – басты ойлар мен ережелерді, шешімдерді іріктеу, түсінікті тілмен баяндау, жаңа енгізілген терминдер мен атауларды түсіндіру, мүмкіндігінше аудиовизуалды дидактикалық материалдарды қолдану.

**Дәрістің құрылымы.** Дәріс өзінің құрылымы бойынша бір-бірінен ерекшеленуі мүмкін. Барлығы баяндалған материалдың мазмұны мен сипатына байланысты, дегенмен кез келген дәріске құрылымдық сипат тән. Ең алдымен, бұл дәріс жоспарын хабарлау. Жоспарға емтихан билеттерін құрастыруға септігін тигізетін дәрістердің негізгі мәселелерінің атаулары кіреді. Өткен дәрістердің мазмұнын еске түсіру, оны жаңа материалмен байланыстыру, пәндегі, басқа ғылым жүйесіндегі орны мен маңызын анықтау пайдалы.

Тақырыпты ашу барысында индуктивті әдісті, сондай-ақ дедукция әдісін қолдануға болады. Дәріс соңында тыңдалған мәселелер бойынша қорытынды шығарып отырған дұрыс.

Дәстүрлі ЖОО-ғы дәріс әдетте ақпараттық деп аталады. Жалпы, дәрістің бірнеше түрі бар соларға жеке-жеке тоқталып өтейік:

**Кіріспе дәріс.** Аталмыш дәріс студенттерге курстың мақсаты мен міндетін, оқу пәндері жүйесіндегі орны мен рөлін түсіндіреді. Курстың қысқаша мазмұны (аталмыш ғылым дамуының кезеңдері, танымал ғалымдардың аттары) беріледі. Мұндай дәрістерде ғылыми мәселелер қойылады, болжамдар алдыға тартылады, ғылым дамуының болашағы мен оның тәжірибеге қосқан үлес салмағы белгіленеді.

**Шолу-қайталау дәрісі** бөлімнің немесе курстың соңында оқылады. Дәрісте аталмыш бөлімнің немесе курстың ғылыми-ұғымдық негізін құрайтын барлық теориялық мәселелер көрініс табуы қажет.

**Шолу дәрісі.** Бұл қысқаша конспект емес, барынша жоғары деңгейде білімдерді жүйелеу болып табылады. Оқыту психологиясы көрсеткендей, жүйелі түрде баяндалған материал есте жақсы сақталады. Шолу дәрісінде сондай-ақ, емтихан билеттерінің күрделі сұрақтарын қарастыруға болады. Дәріс материалын баяндай отырып, оқытушы студенттердің конспект жазуына назар аударуы керек. Конспект мұқият тыңдауға, жазу үдерісінде жақсы есте сақтауға, семинарға, емтиханға дайындық кезінде тірек материалдардың болуын қамтамасыз етеді.

Дәріс оқушының міндеті – студенттерге саналы түрде конспектілеуге мүмкіндік беру. Тыңдау, ойлану, өңдеу, қысқаша жазу. Бұл үшін оқытушы студенттерге көмектесуі керек және барлығының түсініп, үлгеріп отыруын қадағалауы қажет. Студенттерді конспектілеу әдісіне, яғни графикалық тұрғыдан дұрыс орналастыруға және жазбаны рәсімдеуге (абзацтарды бөлу, негізгі ойлар мен тірек сөздерді бөлу, т.б.) үйрету маңызды.

**Дәріс сапасын бағалау.** Дәріске қатысу және талқылау барысында оқытушы мен оның әріптестерінің арасында дәрістің сапасын бағалау қажеттілігі туындайды. Бұл сапаларға: мазмұн, әдіс, студенттердің жұмысына жетекшілік,

дәрістің нәтижелігі кіреді. Дәрістің мазмұны - дәрістің ғылымилығы, ғылымның қазіргі даму деңгейіне сәйкестігі, дүниетанушылық жағы, әдістемелік мәселелердің болуы, олардың дұрыс баяндалуы.

Дәріс оқу әдістемесі - дәрістің нақты құрылымы және мазмұндау логикасы. Жоспардың болуы, оған сүйеніп отыру. Дәріске қатысты әдебиеттерді беру. Жаңа терминдер мен ұғымдарды түсіндіру. Дәлелдік пен дәйектілік. Студенттердің жұмысына жетекшілік студенттерден конспектілеуді талап ету және оның орындалуын бақылау. Оларды жазу әдісіне үйрету.

**Дәрістің нәтижелігі** - дәрістің ақпараттық құндылығы, тәрбиелік аспектісі, ең бастысы дидактикалық мақсаттарға қол жеткізу. Білім беру жүйесінің дамуы, оны ізгілендіру (гуманизация), жеке адамға бағыттау үрдісі, студенттердің шығармашылық мүмкіндіктерін жүзеге асыру мәселелік дәріс, визуалды дәріс, пресс-конференция дәрісі сияқты жаңа дәріс формаларының пайда болуына түрткі болды. Дайын ақпарат айтылып, түсіндірілетін ақпараттық дәріске қарағанда мәселелік дәрісте жаңа білім «ашуға» тиісті беймәлім ақпарат ретінде алға тартылады. Оқытушының міндеті – мәселелік жағдаят тудыра отырып, студенттерді мәселенің шешімін табуға жетелеу болып табылады. Бұл үшін жаңа теориялық материал мәселелік міндет түрінде беріледі. Мәселені оқытушымен бірлесе отырып шешу барысында студенттер жаңа қажетті білім алады. Визуалды дәріс көрнекілік қағидатының жаңа мүмкіндіктерін жүзеге асыру нәтижесінде пайда болды. Психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, көрнекілік оқу материалын барынша жақсы қабылдау мен есте сақтауға ғана емес, сондайақ құбылыстардың табиғатын терең түсінуге ықпалын тигізеді. Пресс-конференция дәрісі. Бұл дәрісте оқытушы тақырыпты айтқаннан кейін студенттерден аталмыш тақырып жөнінде сұрақтарын қағазға түсіріп берулерін сұрайды. Екі-үш минуттың ішінде студенттер өздерін барынша қызықтырған сұрақтарын құрастырып, оқытушыға береді. Үш-бес минуттың ішінде сұрақтар іріктеліп, олардың мазмұны бойынша дәріс басталады. Дәріс сұрақтарға жауап ретінде емес, керісінше біртұтас мәтін ретінде баяндалады, мазмұндау кезінде сұрақтардың жауаптары да ашылып жатады. Мұндай дәрісті тақырыптың басында, ортасында, соңында тиімді пайдалануға болады. Жалпы, дәріс жоғары оқу орындарында оқу үдерісін ұйымдастырудың негізгі формасының бірі болып қала береді. Ал, дәріс сабақтарын түрлендіріп өткізу жоғары оқу орындарындағы профессор-оқытушылардың күзіретіндегі мәселе

## **ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ**

Дәрісті пән оқытушысы жүргізеді. Дәріске білім алушылардың толық өатысуын қадағалайды. Білім алушыға силлабуста көрсетілген тақырыптар мен тапсырмалар беріп, оған кеңестік көмек көрсетеді.

## **ДӘРІС БАРЫСЫНДА БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Білім алушылар семинар тапсырмаларын орындау барысында мына жағдайларға:

- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ енгізген формада дәріске толық қатысуға;
- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың қазақ тіл білімі кафедрасындағы ішкі ережелерді орындауға міндетті.

## **ДӘРІСТІҢ ӨТУ УАҚЫТЫ МЕН МЕРЗІМІ**

Дәріс силлабуста көрсетілген мерзімге сәйкес жүргізіледі.

Пән аты \_\_\_\_\_

Р/с	Дәріс тақырыбы	Дәріс түрі	Дәріс мақсаты	Күтілетін нәтиже	Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі
1	1-дәріс тақырыбы	Кіріспе дәріс			
2	2-дәріс тақырыбы	Мәселелік дәріс			
3	3-дәріс тақырыбы	Визуалды дәріс			
4	4-дәріс тақырыбы	пресс-конференция дәрісі			
5	5-дәріс тақырыбы	Шолу дәрісі			
6	6-дәріс тақырыбы	Шолу-қайталау дәрісі			
7	7-дәріс тақырыбы	Ақпараттық дәріс			
8	8-дәріс тақырыбы				
9	9-дәріс тақырыбы				
10	10-дәріс тақырыбы				
11	11-дәріс тақырыбы				
12	12-дәріс тақырыбы				
13	13-дәріс тақырыбы				
14	14-дәріс тақырыбы				
15	15-дәріс тақырыбы				

Оқытушы \_\_\_\_\_